



АЛТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №50 (112) 12 желтоқсан 2025 жыл

16 ЖЕЛТОҚСАН - ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІН КӨТЕРГЕН

Құрметті облыс ардагерлері!

Еліміздің ең қастерлі де жарқын мерекесі-16 желтоқсан Тәуелсіздік күні баршаңызға құтты болсын! Бұл күн-ғасырлар бойы азаттықты аңсаған халқымыздың асқақ арманы орындалған, мемлекеттігіміз қайта жаңғырған тарихи тағдырлы сәт.

Бүгінгі бейбіт күніміз бен еңсеміздің биіктігі-Сіздердің өмір бойғы еңбектеріңіз бен өскелең ұрпаққа қалдырған өлшеусіз өнегеніздің жемісі. Еліміз егемендігін алған алғашқы қиын жылдары мемлекеттілікті нығайтуға, қоғамның бірлігін сақтауға, жас буынға дұрыс бағыт көрсетуге бар күш-жігеріңізді жұмсадыңыздар. Осы ынта-жігер, парасат пен даналықтың арқасында бүгінгі Қазақстан әлемге танылған, дамуын жалғастырып келе жатқан мемлекетке айналды.

Сіздердің өмірлік жолдарыңыз-адалдықтың, табандылықтың, елжандылықтың үлгісі. Бүгінгі ұрпақ өткеннің әрбір сабағын, ақыл-кеңестеріңізді ерекше бағалайды. Өңіріміздің дамуы, қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшілік те Сіздердің жасампаз еңбектеріңізбен тікелей байланысты. Өйткені Сіздер адал еңбектеріңізбен, үлгі-өнегелеріңізбен егеменді еліміздің еңсесін көтердіңіздер.

Осы мерекелі күні баршаңызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығын тілеймін. Әр күндеріңіз қуанышқа, шаңырақтарыңыз шаттыққа толы болсын.! Егемен еліміздің еңсесі биік, келешегі кемел бола берсін.

Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ҚАМҚОРЛЫҚ

ЕҢБЕКТЕРІ ЛАЙЫҚТЫ БАҒАЛАНДЫ

Алматы облысы еліміздегі әлеуеті артып, ең қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі. 2025 жылы жалпы өңірлік өнім көрсеткіші өсіп, бұрынғы оныншы орыннан бесінші орынға көтерілді. Бұған ауыл шаруашылығы саласында ерінбей еңбек етіп жүрген диқандар мен малшылар өздерінің зор үлестерін қосты.

Дүйсенбі күні Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев пен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың қатысуымен өтті. Бұл мереке өңірдің аграрлық саласындағы жетістіктері атап өтуге және үздік мамандар мен шаруашылық өкілдерін марапаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Алдымен қалалық мәдениет үйі аумағында орналасқан көрмеде өңірдің агроөнеркәсіп кешеніндегі озық технологиялар мен жаңа өнімдер және шаруашылықтар жұмысының нәтижелері таныстырылымында: өндіріс көлемін ұлғайту, инфрақұрылымды жаңғырту, өңдеуді кеңейту, технологияларды енгізу және жүздеген мың ауыл тұрғындарын қамтыған «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық бастамасы басты назарға алынды.

Мәдениет үйінде жалғасқан салтанатты жиында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев жиналғандарды Ауыл шаруашылығы күнімен құттықтап, аграрлық сала өңір экономикасының маңызды бөлігі екенін атап өтіп, ауыл еңбеккерлерінің табанды еңбегі мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің өсімін қамтамасыз етудегі рөліне жоғары баға берді.

«Бүгінгі климаттық өзгеріс жағдайында судың маңызы артып келеді. Сол себепті біз суармалы жерлерді жаңғыртуға, цифрландыру мен үнемдеу технологияларын енгізуге ерекше мән беріп отырмыз. Жаңа технологияларды енгізу тек табиғи ресурстарды қорғап қана қоймай, фермердің табысын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл-өнімділікті арттыру, шаруаның шығынын азайту және нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті күшейту. Біз облыс деңгейінде осы бағыттағы жобаларды қолдап, фермерлерге нақты практикалық шешімдер ұсынамыз», - деді облыс басшысы.

ҰЛТТЫҚ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ-39 ЖЫЛ!

ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ ЫЗҒАРЛЫ, РУХЫ ЫСТЫҚ!

Қазақ халқының тағдырлы жолында Желтоқсан оқиғасының орны бөлек. Желтоқсан-қазақ тарихындағы қасырет пен қайсарлықтың тоғысқан айы. Аязды күн, ызғарлы жел, алаңға шыққан өрімдей жастар... Олардың көзінде-болашаққа деген үміт, жүрегінде-ұлттың намысы. 1986 жылдың Желтоқсаны еркіндікке ұмтылған ел рухының оянған сәті еді.



Биыл сол оқиғаның жаңғырығы естілгеніне-39 жыл. Уақыт алға жылжыған сайын оның тарихи маңызы тереңдей түсуде, елдік пен ерліктің символы ретінде жаңа ұрпақ санасына берік орнап келеді. Қарапайым студенттер бастаған бұл көтеріліс ұлт тарихындағы ең батыл қадамдардың бірі болып қалды. Тәуелсіздіктің таңы атпа-са да сол бір суық күндерде оның алғашқы шапағы сезілген еді. Жастар «ұлтымыздың

тағдырын сырттан шешуге жол бермейміз» деп, бейбіт түрде өз үндерін жеткізуге алаңға шықты. Бірақ алаңға жиналған ниеті таза қауымға темір таяқ, мұздай су, қатыгез пәрмен қарсы тұрды.

Желтоқсан көтерілісі-тек сол күнгі алаңдағы айқас емес. Ол-ұлт жүрегін дір еткізген ояну, намысты жандандырған серпіліс. «Қазақ жастары өз тағдырын өзі шешуге лайық» деген ұғымның мәңгіге таңбалануы.



Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов өз сөзінде агроөнеркәсіптік кешеннің цифрлық трансформациясы, инфрақұрылымды жаңғырту және бизнестің ауылды жандандырудағы белсенділігі ерекше назарда екені айта келіп, «Ауыл шаруашылығын дамыту-еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі. Өңірлердің алдында өндіріс көлемін ұлғайту, заманауи технологияларды енгізу, қайта өңдеуді кеңейту міндеті тұр. Алматы облысы фермерлерді қолдау және инновациялар сектордағы тұрақты өсуді қамтамасыз ете алатынын көрсетіп отыр. Үкімет әрбір шаруаның еңбегі лайықты бағалануы үшін алдағы уақытта да тұрақты жағдай жасауды жалғастыратын болады»,-деді.

Салтанатты шара үздік диқандарға, өңдеушілерге, экологиялық бастамаларға қатысушыларға мемлекеттік наградалар, алғыс хаттар, сертификаттар, бірнеше тракторлардың кілттерін табыс етумен қорытындыланды.

Занғар АЛТАЙ,
Қонаев қаласы.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Президент Алматы облысының дамуын жоғары бағалап, нақты тапсырмалар жүктеді

Мемлекет басшысы Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, сондай-ақ Алматы агломерациясын дамыту жоспары жөнінде баяндалды, деп хабарлайды BAQ.KZ Ақордаға сілтеме жасап.

Марат Сұлтанғазиев соңғы 3 жылда облыстың жалпы өңірлік өнімі 1,8 есе артып, 3,4 триллион теңгеден 6 триллион теңгеге өскенін айтты. Биылғы қаңтар – қазан айлары аралығындағы қысқа мерзімді экономикалық индикатор 109,7 пайызды құрады. Халықаралық компаниялардың қатысуымен тағам өнеркәсібі, логистика және металлургия салаларында жалпы сомасы 470 миллиард теңгеден асатын 13 инвестициялық жоба іске асырылуда.

Сонымен қатар Президентке Қапшағай су қоймасы мен ұлттық табиғи парктер айналасындағы туризм кластерінің даму барысы таныстырылды. Облысқа келген туристер саны 2,2 миллион адамға жеткен. Бұл былтырғы осындай кезеңмен салыстырғанда 36 пайызға артық.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы облыс әкіміне өңірдің өнеркәсіп және аграрлық әлеуетін нығайту, логистика, туризм салаларын дамыту, сондай-ақ тұрғындарды толғандыратын өзекті мәселелерді кешенді түрде шешу жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Тариф на проезд по БАКАД изменят с 2026 года

Со следующего года на Большой Алматинской кольцевой автомобильной дороге (БАКАД) планируется повышение тарифов на проезд, передает корреспондент агентства Kazinform.

Как сообщили в администрации БАКАД, министерство транспорта Казахстана разрабатывает изменения в приказ, регулирующий порядок взимания платы за проезд по БАКАД. Изменения направлены на стимулирование своевременной оплаты проезда.

Тариф для легковых автомобилей увеличится с 0,07 до 0,14 МРП, что составит 605,5 тенге. Для других категорий транспортных средств повышение будет пропорциональным. В администрации дороги отметили, что



предполагаемый МРП с 1 января 2026 года составит 4 325 тенге.

Также тариф остается привязанным ко времени нахождения на дороге в течение одного часа и классу транспортного средства. В компании добавили, что стоимость действующих ежемесячных и годовых абонементов для жителей, зарегистрированных в населенных пунктах Талгарского, Карасайского и Илийского районов Алматинской области остается без изменений.

Одновременно с изменением тарифов планируется введение механизма предоставления скидок в размере 50% при использовании предварительной оплаты либо постоплаты.

БАСНАС03-2026

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алтау ардагері» атты газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің тол басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алтау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы - **6371,52 теңге**
Алты айға жазылу бағасы - **3185,76 теңге**

Индексі- **65472**

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.

● ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Шындық жырын жырлаймын деп шарқ ұрған

1986 жылғы желтоқсан – Тәуелсіздік бастауы. Желтоқсан көтерілісі – қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады. Мәскеудің шешіміне наразылық білдіріп, 1986 жылы желтоқсанның ызғарлы күні Брежнев атындағы алаңға шыққан қазақ жастары шындықты талап етті.

Сол уақыттан бері 39 жыл өтсе де жан жарасы жазылмай желтоқсан желі санасында жаңғыра беретін адамдар бар. Ол-Шонжы ауылында тұратын Мырзалимова Күлапраз Молдакынқызы. Ауылдағы адамдар, таныстар Күлапраз демей Күләш деп атайтын желтоқсаншы қызды мен бала кезінен білем. Күләш Шошанай деген менің туған ауылымда ініммен бір сыныпта оқыды. Әкесі Молдақын қойшы болды. Анасы-өте момын, бала-шағаның тілеуін тілеген көп балалы ана.

Күләштің отбасы өте қарапайым, еңбекшіл еді. Осындай отбасында Күләш қайсар, өте білімді болып өсті. Күләштің желтоқсан оқиғасына қатысып, 2022 жылы ақталғанын жақында ғана білдім. Бір отырыста желтоқсан оқиғасы туралы сөз болғанда «Мен де 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне қатысқам»,- деген әңгіме айтып қалды. Күләш 1986 жылы Қаскелендегі пед колледждің студенті атанады. Көтеріліс болған күні студент қыздар алаңға келеді. Он шақты қыз алаңға келіп қанды қырғынды өз көздерімен көреді.Әділеттік ізден жандары шарқ ұрады. Қыздарды сүйрелеп, жігіттерді дубинкамен ұрғанды көріп, жаралы жандарға жәрдемдескісі келіп, олардың артынан жүгірген. Сол кезде бір әйел адам оларды тоқтатып: «Айналайындар, қайтындар! Мыналар сендерді атып тастаудан тайынбайды» деген соң қыздар қолдарынан ешнәрсе келмейтінін сезіп, Қаскеленге қайтып кетеді. Бірақ ертесі күні-ақ тергеу басталады. Күләш комсомолдан шығарылады, әкімшілік әке-шешесіне хат жазады. Әйтеуір оқудан шықпай қалады. Оқу бітірген соң балабақшаға жұмысқа кіреді. Отбасын құрып, екі баланың анасы атанады. Жолдасы ерте қайтыс болып, ана орнына ана, әке орнына әке болып отырған жайы бар. Өз сөзінде «Менімен бірге сол көтеріліске қатысқандар 5-6 жыл бұрын ақта-



лыпты» деп өзінің өкінішін ортаға салды. «Ештен кеш жақсы» деген, 2022 жылдан бері ақталған желтоқсан ардагері 2024 жылы желтоқсаншы деген төсбелгі мен кітапша алған.

Ақын Мұхтар Шаханов жырлаған алаң Тәуелсіз Қазақстанның алаңы боп тұр. Желтоқсан көтерілісінің болғанына 2026 жылы 40 жыл толады. Бұл күн барлық елдің есінде сақталуы тиіс деп ойлаймын. Күләш өз сөзінде сол кездегі жастардың қайсарлығын ерекше атап өтті.

Қайсар рухты қазақтың ұл – қыздары намысшыл болсын деп тілеймін. Жиырма екі жасында алаңға барып, өз ойын сол кездегі үкіметтің саясатына қасқайып тұрып айтқан Күләш-бүгінгі күнде саликалы ана.

«Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпендер... Желтоқсанда ызғарлықтан тітіркеніп көк пен бел, Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер, Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер» деп, ақын жырлағандай, бұл алаң бәріміздің есімізде қалуы керек. Бірнеше жылдан соң ақталған Күлапраз Молдакынқызының болашақ ұрпаққа айтары көп болсын.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы.

● МЕРЕЙ

ҚАЛАМГЕРДІҢ ҚОС ҚУАНЫШЫ



Халықтың арасында қандай атақ-даңқы болса да қарапайым қалпынан айнымай жүретін адамдар болады. Сондай жандардың қатарына өмір жолы ұлағатты ұрпақ тәрбиесімен өтіп келе жатқан Елеусіз Ахметкерімұлын жатқызатын болсақ, ешқашанда қателесе қоймаймыз. Оның сан қырлы талант иесі екенін аудан емес, облыс жұртшылығы бірге-шігесіне дейін жақсы біледі әрі төбелеріне көтере мақтан тұтады.

Таяуда тілімізге тиек етіп отырған абыройлы азамат екі бірдей қуаныштың иесі атанды. Соның бірі оның өмірде бір келетін 70 жылдық мерейлі жасы болса, екіншісі қаламгердік қаржысымен шығарған «Дәуір даусы» атты кітабының тұсаукесері еді. Осыған орай қарымды қаламгер, мұқағалитанушы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Райымбек ауданының Құрметті азаматы, тағы басқа көптеген атақтардың иегері Елеусіз Ахметкерімұлының жоғарыда аталған кітабының құрметіне орай Алматыдағы облыстық әмбебап орталық кітапханада салтанатты жағдайда тұсаукесер рәсімі ретінде әдеби кеш болып өтті.

Бұл кешке жазушылар, ақындар, журналистер, студенттер мен оқырман қауым қатынасты. Кешті Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, жазушы Бейбіт Сарыбай ашып, қаламгерді өз атынан және Жазушылар одағы төрағасының атынан құттықтап, оның Құттықтау хатын табыс етті. Бұдан кейін сөз алған Жазушылар одағының Алматы облысындағы өкілі Ержан Салтақ мерейтой иесінің шығармашылығына тоқталып, оған Алматы облысы шығармашылық орталығы басшысының Құттықтау хатын табыстады. Сондай-ақ, Елеусіздің туған жері Райымбек аудандық әкімшілігі де аудан әкімінің Құттықтауы мен сый-сияпатын берді. Кітаптың алғашқы оқырманы ретін-

де, осы кітаптың алғысөзін жазған ҚЖО-ның мүшесі, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Биғайша Медеу автордың «Дәуір даусы» кітабының бағыт-бағдарымен жиналғандарды таныстырып, жан-жақты хабардар етті. Сөз арасында автордың сазгерлігі мен ақындығы да айқын көрінді. Оның «Қарасазым, қарашалғын» әнін белгілі әнші Мұрат Өміржан нақышына келтіре тамаша орындады. Сол сияқты «Сыныптас достарға» әнін Елеусіздің сөзіне жазған ҚР Мәдениет қайраткері Арайлым Мамырбекова өз әнімен тыңдаушыларды таң-тамаша қалдырды.

Кеш барысында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Халықаралық Дін-мұхамед Ахметұлы Қонаев атындағы қорының вице-президенті Дәулетбек Жанботаев қордың «Мерей» орденін үлкен құрметпен Елеусіздің омырауына қадады. Салтанатты кеш барысында ақындар Батық Мәжитұлы, Биғайша Медеу, тағы басқа ақындар кестелеп тұрып жырдан шашу шашты. Молдахмет Мәжінұлының «Үш Меркі» әнін туған ұлы, профессор Бағдат Молдахметұлы орындап, елді елең еткізді. Қаламгердің немересі Көркем Елеусіз «Домбыра» атты әнді Роза Рымбаева апасындай әуелете шырқады. Сол жерде кітаптың тұсаукесер рәсімі жасалып, сонау Қарасаздан ат терлетіп келген 83 жастағы ақсақал Жеңіс Мұхамәдиұлы

қаламгерге ақ ниетімен арнайы ақ батасын берді.

Бұдан бұрын «Мұқағали ақынның атамекені», «Көңіл көкжиегінде» және алуан түрлі тақырыптарда эсселері мен публицистикалық ой-толғаулары мерзімдік басылымдарда үзбей жарияланып келе жатқан Елеусіз Ахметкерімұлы-ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, 20-ның ар жақ, бер жағында немерелер сүйіп отырған, ардақты ардагер ата. Оны осы қуаныштарымен қаламдас әрі әріптес ретінде мен де қуана құттықтап, мына өлеңімді арнағым келеді:

Елешің сен, ерсің сен...

«Елеш»» дейді, ел-жұрт сені шетінен, Азаматсың алға қарай бекінген. Қиындыққа қыр бермедің өмірде, Қаймықпадың қарлы боран өтінен.

Елшенбүйрек жақын болды жаныңа, Тәубе дедің қолыңдағы барыңа. Алған асу аз боп саған көрінді, Құлашыңды сермей түстің тағы да.

Адамдықты өмірінде жөн көрдің, Адалдықты ащы термен менгердің. Өлкетану бұл өмірде не екенін, Тәлім етіп, тәрбие етіп сен бердің.

Өткізбедің бір басыңнан бекер күн, Қайыспай-ақ қарсы тұрып көтердің. Қасқа маңдай Мұқағали, Еркіннің, Дәлелдедің жал-құйрығы екенін...

Талай түстің махаббаттың шоғына, Өттің бірақ, арыңменен табына. Құдай сенің тілеуінді берді ғой, Бақ боп қонды Қауия сұлу бағыңа.

Ақыл-ойсыз танытады күшін кім?! Арман құсын алыстарға ұшырдың. Әділет үшін қарсы тұрып талайға, Талайларды шалқасынан түсірдің...

Көрген жоксың бұл өмірден жерініп, Тұла бойың тұнған сенің серілік. Достарменен бас қосқанда базар боп, Айдай анық тұрады ғой көрініп.

Айтар сөзім, алма көздің шырымын, Қос ішекке теңеп қойды ұғымым... Қалған өмір қадіріне жете біл, Ұзақ болсын,Қауиямен ғұмырың !!!

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қазақ Журналистикасының қайраткері.
Райымбек ауылы.
Қарасай ауданы.

● ЕСІМІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

Алматы облысы әкімігі мен облыстық мәслихаттың 2025 жылы 21 қазандағы Қонаев қаласының көшелеріне соғыс ардагерлерінің есімдерін беру туралы бірлескен қаулысы шыққан болатын. Өткен аптада Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, Қазақстан Республикасының Құрметті судьясы, Қапшағай қаласының Құрметті азаматы Ақбай Дүйсебайұлы Әлібаевтың атына берілген көшенің (бұрынғы 2-ші линия көшесі) салтанатты ашылу рәсімі өтті. Жеңісті жақындатуға үлес қосып, еңбегі де, ерлігі де үлгі болған майдангердің есімі қайта жаңғырды. Оған ардагердің ұрпақтары, ағайындары мен қалалық ардагерлер ұйымының мүшелері, көше тұрғындары және бірге қызмет істеген замандастары қуә болды.

Ерге құрмет - елдіктің белгісі

Салтанатты жиынды ашқан қалалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Ізтілеу Тойшыбайұлы қала көлемінде абыройлы қызмет атқарып, саналы ғұмырын сот саласына арнаған, соғыс және еңбек ардагері Ақбай Әлібаевқа көше берілу аға ұрпаққа деген құрметтің жарқын көрінісі екендігін айтып өтсе, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев ізгі шараның мән-мағынасына тоқталып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің, ерлікке құрмет тұтудың өнегесі екендігін жеткізді.

Ақбай Дүйсебайұлы Әлібаев 1924 жылы 1 мамырда Талдықорған облысы Қаратал ауданындағы Тельман колхозында дүниеге келген. Бес жасында барлық туыстары қуғын-сүргінге ұшырап және ашаршылық құрбандары болғандықтан балалар үйінде тәрбиеленеді. 1942 жылы орта мектепті бітіргенен кейін өз еркімен майданға аттанып, барлау мектебінде 6 айлық дайындық курсынан өтіп, Благоев-щенск майданының 3-ші дивизиясының №489 жеке барлау ротасында жорық жолдарын бастайды.

Соғыста көрсеткен ерліктері үшін “Қызыл Жұлдыз”, III дәрежелі “Даңқ”, I дәрежелі “Отан соғысы” ордендерімен, “Ерлігі үшін” медалімен марапатталған.

Елге аман-есен 1946 жылы оралған Ақбай Дүйсебайұлы Қазақ КСР Әділет жүйесінде жұмысқа орналасып, 1956 жылдан бастап Ақтөбе облысының Байғанин, Новоросси-ск аудандарында, содан кейін Октябрь аудандық соттың судьясы, сот төрағасы қызметін атқарды.

1975 жылы Алматы облысы Қапшағай қалалық халық сотын құрып, сот төрағасы болып тағайындалады. Қазақ КСР Әділет

министрлігі алқасының 1978 жылғы 16 қарашадағы №71 қаулысымен Қапшағай қалалық соты ұйымдастыру жұмыстарының оң тәжірибесі республика көлемінде кеңінен таратылады. 1981 жылы 2 желтоқсанда КСРО Әділет министрінің №344 санды бұйрығымен Ақбай Әлібаев “Еңбектегі жетістіктері үшін” медалімен марапатталады. Социалистік заңдылықты нығайтудағы еңбегі және қоғамдық өмірге қатысқандығы үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1983 жылғы 29 сәуірдегі жарлығымен “Қазақ КСР еңбек сіңірген заңгері” құрметті атағы беріледі. 1992-1994 жылға дейін Ақбай Дүйсебайұлы қалалық халық депутаттары кеңесінің төрағасы, Қапшағай қалалық мәслихатының хатшылығына сайланып, 2003 жылдың қазан айына дейін қызмет атқарды. Одан кейін 2007 жылдың наурызы айына дейін Қапшағай өңірінің ақақалдар кеңесінің төрағасын абыроймен атқарды.

Жиында бауыры Беделхан Әлібаев, құдағиы Тамара Тұрлыбек, еңбек ардагері Мұратжан Сахарин, Сәуле Кубентаева көшеге есімі беріліп жатқан абыройлы азамат туралы жарқын естеліктерімен бөлісіп, ізгі шараның жас ұрпаққа тигізетін үлгі-өнеге екендігін жеткізді. Сондай-ақ ардагердің ұлы Серік Ақбайұлы осы көшенің әкесінің есімімен аталуына зор үлес қосқан қалалық әкімдік пен мәслихатқа, қалалық ардагерлер ұйымына және зиялы қауымның өкілдеріне отбасы атынан шексіз алғысын білдірді.

Шара соңында “Самұрық” мейрамханасында майдангердің рухына ас беріліп, Құран бағышталды.

Заңғар АЛТАЙ.

● КЕЗДЕСУ

Шенгелді ауылындағы Қадырғали Жалайыр атындағы №6 орта мектептің мәжіліс залында публицист, ақын, Қазақстан Жазушылар және Әлем Халықтары Жазушылар одақтарының мүшесі, «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облысы филиалының төрағасы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, Қонаев қаласы мен Балқаш ауданының Құрметті азаматы, Қонаев қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Ізтілеу Тойшыбайұлының «Сыздаған жүрек сырлары» тақырыбында мектеп оқушыларымен кездесу кеші ұйымдастырылды.

Қаламгер мектепте қонақта болды



Мектеп әкімшілігінің ұйытқы болуымен өткен іс-шараға мектеп директоры Назгүл Қалыбекова, ұстаздар мен мектеп оқушылары, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысты. Кештің мақсаты-ақынның өмір жолын, еңбегін таныстыру, жастарға үлгі ету. Өлкеміздегі халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген қаламгерлердің өрнегі мол шығармаларын оқуға насихаттауға, жастардың кітап оқуға құлшынысын арттыруға арналды.

Кеш қонағына оқушылар мектеп өмірі және ақындығы жайлы сұрақтар қойып, қызықты сұхбат жасады. Ақын белсенді оқырман оқушыларға және мектеп музейіне өз жыр жинағын тарту етті. Кездесу барысында ақын поэзиясы туралы пікірлер айтылып, оқушылар өлеңдерін мәнерлеп оқып, көкейлерінде жүрген сұрақтарына тұщымды жауап алды. Әдеби шарада оқушылар кеш иесінің жырларын тыңдады.

Іс-шара соңында мектептің педагог-ұйымдастырушысы Гүлбақыт Етекбаева жылы лебіз білдіріп, кездесуге арнайы уақыт бөліп келген ақынға рақметін айтып, шапан жауып, шығармашылық сәттіліктер тіледі. Өз кезегінде ақын Ізтілеу Тойшыбайұлы іс-шараны ұйымдастырушыларға және оқушыларға шынайы ризашылығын білдірді. Ақынға арналған поэзия кешін мектептің жас прокурор ұйымы «Туған ел» хорымен қорытындылады. Кеш соңында оқушылар ақыннан қолтаңба алып, естелік суретке түсті.

Әділет ӘДІЛБЕКҰЛЫ,
Қадырғали Жалайыр атындағы №6 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шенгелді ауылы.

● БЛАГО ТВОРИТЬ

«ЖЫЛЫ ШАҢЫРАҚ» ДЛЯ СТАРИКОВ Или спешите делать добро

Перед Днём Независимости и Новым годом аксакалы Ашибулакского округа совместно с педагогами и учащимися СШ № 51 совершили поездку в Байсеркенский округ. Здесь, рядом с трассой «Западная Европа - Западный Китай» находится комплекс «Саудабай». Именно тут размещается пансионат для пожилых людей и инвалидов «Жылы шаңырақ». Гости доставили сюда свежие фрукты и привезли свои музыкальные номера.

Так уж получается в жизни, что люди попадают в такое место разными путями, у каждого своя сложная, чаще грустная история. Тут больше о дефиците морали и добра в современном обществе. Ведь таких домов, особенно у нас в Казахстане, быть не должно, но реальность штука суровая. Бездомных стариков при рыночной экономике становится больше, а вот источников содержать таких все меньше. Даже родные дети не гарантия. Словом, это двухэтажное здание по сути становится их «вторым домом», что тоже выход. Старики под теплой крышей, имеют кровать, горячее питание. Хотя и тут проблем у учреждения (о них ниже) хватает.

Но вернемся к «Жылы шаңырақ». Перед собравшимися выступили председатель совета аксакалов Ашибулакского округа

ной жизни села. Шахадин ата, пышущий энергией и оптимизмом, кроме вокального таланта продемонстрировал и завидную для своего возраста легкость движений. Приглашая на танец смутившуюся бабушку.

Срывал аплодисменты зрителей пансионата и педагог школы Манас Иманов, и певший, и сам себе аккомпанирующий на баяне и скрипке. Прочла душевные стихи Гульжан Куламбаева. Одно слово – браво, ветераны!

Отдельную благодарность заслужил коллектив СШ № 51 села Жапек батыр (директор Ш. Е. Бектурганова), ведущие Айнура Азилханова, Бахтияр Алмат.

Учащиеся 5, 8, 9 и 10 классов исполнили несколько песен на двух языках и представили инструментальные номера на домбре.

инвалидах в рамках программы «Пожилые люди – золотой фонд страны». Такие акции должны быть не только ко Дню пожилых людей, а чаще. В канун праздника Дня независимости и нового года мы решили выехать в пансионат с гостинцами, пообщаться, поздравить, поднять настроение людям. Думаю, нам это удалось. Вы сами видели, как они были рады исполнению советских песен, на которых они выросли. Как это растеребило их души. И как многие вышли потанцевать под знакомые ритмы. Другой момент – воспитательный. Важно, что с нами были дети, и они оказались в этой атмосфере жизни пожилых людей, которым не хватает внимания собственных детей, родственников, домашнего уюта и общения».

Директор пансионата «Жылы шаңырақ» Эмира Жenzaкова проинформировала нас о работе учреждения: «Рассказывать о всех наших проблемах – займет много времени, поэтому – кратко. Мы существуем уже 11-й год. В этом здании пребываем на арендном

страны. Недавно нам, наконец, подвели газовое отопление. Теперь мечтаем о ремонте помещения и крыши, о благоустройстве территории – всё, признаться, ветшает...

Благодарим за помощь волонтеров из «Клуба добряков», «Лучик добра», частную школу «Айнур», колледж «Прогресс», школы Илийского района и города Алатау, предпринимателей и частных лиц, пожелавших не афишировать свою благотворительность, доставляющих продукты питания, фрукты, овощи и многое другое. Хотелось бы, чтобы круг таких меценатов ширился. Конечно же, спасибо за внимание к нашим пожилым (бабушкам и апашкам, дедушкам и аташкам, инвалидам) – ветеранов-активистов, педагогов и учащихся из СШ №51 Ашибулакского сельского округа приехавших к нам с концертной программой.



Совет аксакалов
Ашибулакского сельского
округа и группа
учащихся, педагогов
СШ №51.

Постояльцы пансионата
«Жылы Шаңырақ» тепло
приветствуют гостей

Играй гармонь, любимая!



Рустем Бактыбаев, председатель совета матерей Гульжан Кулымбаева, член совета матерей Кулипа Сенкебаева, член совета аксакалов Алмас Джапарбергенов. Все они поздравили постояльцев, пожелали им здоровья и долголетия.

Ну а самый красочный момент мероприятия – это подготовленная ашибулаками концертная программа. Были представлены выступления двух групп - взрослой, где удивлял прекрасным голосом и артистизмом ветеран сцены, бывший актер, выпускник известного московского театрального института имени М. Шепкина Шахадин Алькожаев. Аксакалу, к слову, без малого 80 лет, но он продолжает работать (не по – специальности) и участвует в обществен-

От имени постояльцев самодеятельных артистов поблагодарили В. В. Соютин и В. П. Кобзеева, которым, соответственно, 81 и 88 лет. К слову, Валентина Петровна, в пансионате старейшина и тут уже 10 лет, практически со дня открытия учреждения.

Подводя итоги поездки, председатель совета аксакалов Ашибулакского сельского округа, почетный гражданин Илийского района, член Ассамблеи народа Казахстана Рустем Бактыбаев сказал: «Наша ветеранская организация и школьники уже бывали в «Жылы шаңырақ». Нынешний, третий визит проходит под эгидой Ассамблеи народа Казахстана и преследует целью укрепление межнационального единства в Казахстане, заботу о стариках и

договоре, численность постояльцев колеблется в пределах 40-45 человек. Более 50 процентов из них неплатежеспособные, но мы никому не отказываем, всем даем кров, питание, уход. В основном пожилые люди поступают к нам из Алматинской области, но есть граждане и из других регионов

Ну и в завершении напомним читателям старую казахскую поговорку: «Жақсылықтың ерте кеші- жок!» (Добрым делам срок не дан) Спешите делать добро!

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
Илийский район

● ДӘСТҮР

ИСЛАМДАҒЫ ОТБАСЫ ҰҒЫМЫ

Отбасы – адамзат қоғамының ең ежелгі әрі ең басты институттарының бірі. Әрбір ұлттың болашағы, ұрпақтың тәрбиесі, қоғамның тұрақтылығы тікелей отбасыға байланысты. Ислам дінінде отбасының орны айрықша. Өйткені Қасиетті Құран мен хадистерде шаңырақ көтеру, ер мен әйелдің бір-біріне адал болуы, ата-ананы құрметтеу, балаларды ізгілікпен тәрбиелеу мұсылманның өміріндегі негізгі міндеттердің бірі ретінде айқын көрсетілген.

Құрандағы: «Ол сендерге тыныштық табу үшін өздеріңнен жұбайлар жаратты, әрі араларыңа мейірім мен махаббат орнатты» (Рум сүресі, 21-аят) деген аят исламдағы отбасы ұғымының рухани мәнін айшықтайды. Бұл аяттан отбасының тек тұрмыстық деңгейдегі ұғым емес, Алланың ерекше сыйы екенін аңғарамыз.

Исламда отбасы ер мен әйелдің заңды некеге отырып, бір-біріне сүйеніш болып, ұрпақ тәрбиелеу мақсатында құрумен басталады. Неке – Алланың алдында жасалған жауапты келісім. Сондықтан Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Неке – менің сүннетім, кім одан бас тартса, менің үмбетімнен емес» деп бекер айтпаған. Бұл хадис неке

мен отбасының исламдағы ерекше орнын көрсетеді. Отбасы – тек екі жастың басын қосатын құбылыс емес, ол қоғамның тұрақтылығы мен мемлекет дамуының негізгі тірегі.

Ер мен әйелдің отбасындағы рөлдері исламда айқындалған. Ер адам – отбасының асыраушысы, қорғаушысы, жауапкершілікті мойнына алушысы. Әйел – шаңырақтың ұйытқысы, отбасының жылуын сақтаушысы, бала тәрбиесінің ең маңызды тұлғасы. Бұл рөлдер-ешқашан бәсекелес емес, қайта бір-бірін толықтыратын, үйлесім табатын міндеттер. Қазіргі кейбір көзқарастарда «әйел мен ер тең болуы керек» деген ұрандар отбасындағы табиғи үйлесімді бұзып

жатады. Ал ислам болса, теңдікті емес, әділеттілікті алға қояды. Яғни әркім өзіне лайық міндетін адал атқарса, отбасы да, қоғам да берекелі болады.

Исламдағы отбасының тағы бір маңызды қыры – ата-анаға құрмет. Құранда бірнеше жерде ата-ананың разылығын алу мұсылманның басты парыздарының бірі екені атап көрсетіледі. Ал хадисте: «Жәннат аналардың аяғының астында» делінген. Бұл ананың мәртебесін ғана емес, жалпы отбасыдағы сыйластық пен құрметтің биік орнын білдіреді. Бала үшін ата-ананың батасы мен ризашылығынан артық байлық жоқ. Ата-ананы құрметтеу – тек дүниелік міндет емес, ақыреттік сауапқа бастайтын құлшылықтың бір бөлігі.

Сонымен қатар, исламда балаларға қамқорлық та аса маңызды. Бала – Алланың аманаты. Оған дұрыс тәрбие беру – әкенің де, ананың да міндеті. Балаға имандылықты үйрету, адалдыққа тәрбиелеу, жақсылыққа баулу – ислам отбасының негізгі мақсаттары-

ның бірі. Балаларға көңіл бөлеу, олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік жасамау ата-ананың үлкен қателігі болып саналады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) балаларға ерекше мейірім танытып, олардың құқықтарын қорғауға шақырған.

Қазіргі жаһандану заманында отбасы құндылықтарын сақтау – күн тәртібіндегі ең өзекті мәселенің бірі. Батыстық мәдениет ықпалымен кейбір қоғамдарда неке институты әлсіреп, азаматтық некелер көбейіп, ажырасу көрсеткіші артқанын байқаймыз. Бұл құбылыстар қоғамдағы тұрақсыздыққа, балалардың толыққанды тәрбие алмауына, моральдық құндылықтардың әлсіреуіне әкеледі. Ислам болса, мұндай жағдайларға жол бермеудің нақты жолын көрсетеді: некені адал ұстау, отбасы құндылықтарын сақтау, ер мен әйелдің өз міндетін орындауы, ата-ана мен бала арасындағы сыйластықты қастерлеу.

Отбасы тек тұрмыстық қажеттілікті өтейтін орын емес. Ол – рухани мектеп. Онда мейірім де,

сенім де, әділдік те қалыптасады. Осындай қасиеттерге негізделген шаңырақта ғана береке қонады, бақ тұрақтайды. Егер әрбір мұсылман отбасы өз шаңырағын осындай құндылықтармен бекітсе, бүкіл қоғам да нығаяды. Өйткені қоғам – шағын отбасылардан құралған үлкен отбасы.

Қорытындылай келе, исламдағы отбасы ұғымы – мәңгілік құндылықтарға негізделген тұтас жүйе. Ол-тек ер мен әйелдің бас қосуы ғана емес, ұрпақ жалғастығы, тәрбиенің бастауы, қоғам тұрақтылығының кепілі. Ислам отбасын мейірім, сенім, әділдік пен сүйіспеншілікке негіздеп құрады. Сондықтан отбасы құндылықтарын сақтау – әрбір мұсылманның міндеті әрі қоғам алдындағы жауапкершілігі. Бүгінгі таңда отбасы институтын күшейту – тек діни мәселе ғана емес, ұлттық қауіпсіздіктің де басты кепілі. Әрқайсымыз отбасы құндылықтарын сақтап, келер ұрпаққа өнеге бола білсек, онда еліміз де, қоғамымыз да берекелі болмақ.

Қ. СӘРСЕМБИЕВ,
Ниязбек қажы мешітінің имамы.
Сүмбе ауылы.

АУЫЛ СПОРТЫ

Спорт-адамды шынықтыратын ғана емес, мінезін тәрбиелейтін ұлы мектеп. Кеген ауданында спортты қолжетімді ету, ауыл-қала демей жастарды спортқа баулу, чемпиондар мен тұлғаларды тәрбиелеу мақсатында «Батыр боламын» қорының қолдауымен Ақтасты, Шырғанақ ауылдарында бір мезетте екі спорт залдары ашылды.

БІР МЕЗЕТТЕ
ЕКІ СПОРТ ЗАЛДАРЫ АШЫЛАДЫ

«Батыр боламын» қоры-еліміздің түкпір-түкпірінде спортты қолдап, жас буынның денсаулығы мен дамуына жағдай жасап келе жатқан ұйым. Қордың негізгі мақсаты-әр балаға спортпен айналысуға мүмкіндік беру, олардың кәсіби өрлеуіне жол ашу.

Қор бүгінге дейін елімізде 70-тен астам спорт залдарын ашып, спорттың әр түрлерімен тегін айналысуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, спорттық жабдыктармен қамтамасыз етіп, ауыл балаларына дене шынықтырумен айналысуына жағдай жасауда.

Игілікті істің тұсауын кесуге аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, «Батыр боламын» қоғамдық қорының негізін қалаушысы, «Адамның адал жолы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Арман Балкенұлы, ересектер арасындағы еркін күрестен Қазақстан чемпионы, Қазақстан

тарихындағы алғашқы әлем чемпионатының алтын иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері Ризабек Айтмұхан, Қазақстандық еркін күрескер, әлем және Азияның бірнеше дүркін чемпионы Қайпанон Нұрқожа, «ННН» лақап атымен танымал, белгілі блогер Нұрдаулет Берікұлы келді. Солардың қатарында Ақтасты ауылының тумасы, тұңғыш дзюдо және самбо күресінен Әлем кубогының иегері, дзюдодан Азия чемпионы, самбодан әлем чемпионатының қола жүлдегері, Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, спорт шебері, Кеген ауданының Құрметті азаматы Айсара Керімбекова, аудандық маслихат төрағасы Алмасбек Нұғыман, мекеме басшылары және ауыл тұрғындары қатысты.

Өз тілшімізден.

ҚАНЖЫҒАДА – ҚОС ЖҮЛДЕ

Астанада еліміздің барлық өңірлерінен командаларды біріктірген ауқымды республикалық турнир «Ауыл ойындары» өтті. Іс-шара ұлттық спорттың ел мәдени мұрасының бір бөлігі ретіндегі маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, жаңа спорттық көшбасшыларды қалыптастыруға да алаң болып табылды. «Ауыл ойындары» турнирі жастарды қоғам өміріне белсенді қатысуға шабыттандыруға және Қазақстан тұрғындары арасында салауатты және белсенді өмір салтын насихаттауға бағытталды.

Турнирге жүздеген жас спортшылар, спорт ұйымдарының өкілдері, қоғам қайраткерлері және Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаттары қатысты. Қатысушылар асық ату, ләңгі тебу, арқан тарту, қазақша күрес, садақ ату, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық және қазіргі спорт түрлеріндегі шеберліктерін, сондай-ақ футбол бойынша командалық жарыстардағы дағдыларын көрсете алды.

Турнирдің салтанатты ашылуы салтанатында құттықтау сөз сөйлеген «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Жигули Дайрабаев және Анас Баққожаев, сонымен қатар басқарма мүшесі, әлеуметтік және мәдени даму жөніндегі проректор Жазира Жазықбаева спорт арқылы ұлттық дәстүрлерді сақтау және жастарды белсенді қоғамдық өмірге тартудың маңыздылығын атап өтті. Жарыстардың барысында қатысушылар мен қонақтар финалдық ойындарды тамашалап, жетекші төрешілер мен жаттықтырушылардан ұлттық ойындардың ереже-

лері мен дәстүрлерін үйренді және әр өңірдің мәдени ерекшеліктерімен танысты.

Турнирдің нәтижесі бойынша асық атудан 1 орынды Кенже Нұрмұханбед (Қызылорда облысы), ләңгі тебуден 1 орынды Нұрым Бейсенбай (БҚО), арқан тартудан 1 орынды БҚО командасы, қазақша күрестен 1 орынды Бекзат Темірке (Ақмола облысы), садақ атудан (ұлдар) 1 орынды Ернар Махмет (Атырау облысы), садақ атудан (қыздар) 1 орынды Кенже Атамбозова (Қостанай облысы), тоғызқұмалақтан 1 орынды Али Исабеков (Қарағанды облысы) иемденді.

Алматы облысының намысын қорғаған Еркебұлан Майсабек садақ атудан үшінші орын ала, тоғызқұмалақтан Амина Абамова да осы тұғырдан көрініп, қола жүлдені қанжығаларына бөктеріп қайтты.

Мұхаммед ХАМИТ,
«Алатау жастары»
Қонаев қалалық
ұйымының төрағасы.



Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Үй-жайларда дезинфекциялық
және дезинсекциялық
жұмыстар жүргізудің маңызы

Қазіргі таңда тұрғын және қоғамдық үй-жайларда санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – адамның денсаулығын қорғаудың негізгі талаптарының бірі. Әсіресе инфекциялық аурулардың таралуын болдырмау, зиянкестердің көбеюінің алдын алу мақсатында дезинфекциялық және дезинсекциялық жұмыстарды уақтылы жүргізудің маңызы зор.

Дезинфекция – адам денсаулығына қауіпті микроорганизмдерді жоюға бағытталған санитариялық шаралар жиынтығы. Үй-жайларда бұл жұмыс көбіне вирустар, бактериялар, зендер және патогендерге қарсы жүргізіледі. Дезинфекцияның уақтылы жасалуы тыныс жолдары ауруларының, ішек инфекцияларының және басқа да жұқпалы дерттердің таралу қаупін төмендетеді.

Дезинсекция – түрлі зиянкестерді (тарган, шыбын, маса, құмырысқа және т.б.) жоюға бағытталған шара. Бұл жәндіктер тек қолайсыздық тудырып қана қоймай, қауіпті аурулардың тасымалдаушысы болуы мүмкін. Сондықтан үй-жайларда дезинсекциялық өңдеу жүргізу эпидемиологиялық жағдайды жақсарту үшін маңызды рөл атқарады.

Дезинфекциялық және дезинсекциялық шаралар арнайы дайындықтан өткен мамандар тарапынан, рұқсат етілген заттар мен құралдарды қолдану арқылы жүргізіледі. Өңдеу барысында:

- үй-жай толық желдетіліп, қажет жағдайда жабдыктар уақытша сыртқа шығарылады;
- өңдеуден кейін бөлме бірнеше сағатқа жабылып, кейін мұқият тазаланады;
- қолданылған препараттар санитариялық нормаларға сай таңдалады.

Үй-жайларда дезинфекциялық және дезинсекциялық жұмыстарды уақтылы жүргізу – тұрғындардың денсаулығын қорғаудың маңызды кепілі. Бұл шаралар аурулардың алдын алып қана қоймай, қолайлы санитариялық жағдай қалыптастыруға көмектеседі. Сондықтан әрбір азамат тұрмыстық үй-жайларда тазалық пен қауіпсіздік нормаларын сақтауға жауапкершілікпен қарауы қажет.

Үсік шалу-белгілері, алғашқы
көмек және алдын-алу

Үсік шалу-бұл төмен температураның әсерінен дененің кез-келген бөлігіне (қайғылы жағдайға дейін) зақым келтіру. Үсіктің тікелей себебі – төмен температураның адам ағзасына әсері. Адам ағзасында терморегуляция жүйесі бар, бұл тіндердің жылулық зақымдануына жол бермейді, бірақ бірқатар сыртқы факторлардың әсерінен терморегуляцияның тиімділігі төмендейді, үсік пайда болады. Үсіктің 4 дәрежесі бар.

Үсік шалудың белгілері:

- тері бозғылт көкшіл түстес;
- температура, тактильді және ауырсыну сезімталдығы жоқ немесе күрт төмендеген;
- жұмсақ тіндердің қатты ауыруы, қызаруы және ісінуі пайда болады;
- 12-24 сағаттан кейін терең зақымдану кезінде қанды құрамы бар көпіршіктердің пайда болуы мүмкін;
- жалпы үсік шалғанда адам әлсіз, қоршаған ортаға бей-жай қарамайды, терісі бозғылт, суық, жүрек қағысы жиі, қан қысымы мен дене температурасы 36 градустан төмендейді.

Үсік шалған кездегі алғашқы көмек

Аяз белгілері анықталғанда ең бірінші кезекте-жәбірленушіні жақын маңдағы жылы бөлмеге жеткізу, мұздатылған аяқ киімді, шұлықты, қолғапты шешіп тастау. Дененің зардап шеккен аймақтарын біртіндеп баяу, негізінен пассивті түрде жылыту керек. Дененің үсіген жерлерін қолмен, матамен, спиртпен, қармен сүртуге болмайды.

Жәбірленушіні жылы көрпеге орап немесе дененің зардап шеккен бөлігіне жылу оқшаулағыш мақта-дәке таңғышын салу керек.

Алғашқы көмек шараларын өткізумен қатар жедел медициналық көмек көрсету үшін дәрігерді, жедел жәрдемді шақыру қажет.

Үсіктен қорғану мақсатында кең және жылы киінген жөн. Және су өткізбейтін, табаны қалың аяқ киім киген абзал. Аязда темір, күміс, алтын әшекейлер тақпаған дұрыс. Құлақ пен бетіңізді міндетті түрде жауып жүріңіз. Мұрын тез тонып, үсіп кетуі мүмкін. Қатты суықта тек мұрынмен демалыңыз. Егер сіз төтенше жағдайға тап болсаңыз, «112» құтқару қызметіне қоңырау шалыңыз.

Пиротехникалық бұйымдардың
қауіпсіздігі туралы не білу керек

Пиротехникалық бұйымдар — мерекелік шаралардың ажырамас бөлігі. Дегенмен, оларды дұрыс қолданбау ауыр жарақаттар мен өрт шығуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан әр азамат пиротехникаға байланысты қауіпсіздік талаптарын біліп, сақтауы қажет.

Пиротехника сатып алу кезінде ең маңыздысы — өнімнің сертификатталған болуын қадағалау. Лицензиясы жоқ сауда орындарынан алынған бұйымдардың сапасы төмен әрі қауіпті болуы мүмкін. Қаптамада өндірушінің аты-жөні, пайдалану нұсқаулығы және жарамдылық мерзімі міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Қаптамасы жыртылған немесе бүлінген өнімдерді қолдануға болмайды.

Пиротехниканы сақтау талаптары да ерекше назарды қажет етеді. Бұйымдар құрғақ, салқын жерде, балалардың қолы жетпейтін орында сақталуы керек. Жанғыш заттардың қасына қоюға, жылу көзіне жақын ұстауға тыйым салынады.

Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері:

- Пиротехниканы тек ашық алаңда жағу керек;
- Жақын маңда ғимараттар, көліктер, құрғақ шөп болмауы тиіс;
- Адамдар мен жануарларды қауіпсіз қашықтыққа шығару қажет;
- Жанбай қалған бұйымды қайта жағуға болмайды, кемінде 10–15 минуттан кейін ғана жақындауға болады.

Балаларға пиротехниканы өздігінен жағуға, ұстап тұруға қатан тыйым салынады. Мереке кезінде балаларды ересектердің бақылаусыз қалдыру үлкен қауіп төндіреді.

Өрт немесе төтенше жағдай туындаған кезде дереу 101 немесе 112 қызметтеріне хабарласу қажет. Жарақат алған жағдайда өз бетімен ем жасамай, медициналық көмекке жүгіну ұсынылады.

Пиротехникалық бұйымдардың басты шарты — қауіпсіздік. Қарапайым талаптарды сақтау арқылы сіз өзіңізді, жақындарыңызды және қоршаған ортаны қауіпті жағдайлардан сақтай аласыз. Мерекенің көңілді әрі қауіпсіз өтуі — әркімнің жауапкершілігінде.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының
бастығы